

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
ЖОО дейінгі білім беру дайындығы факультеті
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы
Аға оқытушы Сандуғаиш Нұртілеуова*

sandu_210380@mail.ru

В данной статье рассматривается методика обучения казахская литература в инострансам.

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРГЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ

Көп ұлтты Қазақстан жерінде қазақ елімен бірге өзге ұлт өкілдері де өмір сүріп, біздің ата салтымызды, тілімізді, өнеріміз бен мәдениетімізді танып білуде. Атап айтатын болсақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру дайындығы факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында, бүгінгі таңда шет елдік студенттер қазақ және орыс тілі шет тілі ретінде оқуда. Факультетте тіл үйренушілерге өздері таңдап алған тіл бастауыш және жалғастырушы топтарға бөлініп, әр топ деңгейлер бойынша білім алуда. Сонымен қатар шетелдік студенттерге қазақ топтарында қосымша аспектілік пәндер оқытылады. Атап айтатын болсақ, олар:

- «Әлеуметтік кеңістікте тілге бейімдеу»;
- «Іскерлік қазақ тілі»;
- «Бұқаралық ақпарат құралдары тілі»;
- «Қазақ әдебиеті»;
- «Қазақстан тарихы»;

Бұл аталған аспектілер жалғастырушы топтарда бірден оқытылса, ал, бастауыш топтарда бір жарым ай көлемінен кейін ғана оқытыла бастайды. Өйткені, алғашқы кезде шетелдік студенттерге көлемді мәтіндерді түсініп, қабылдау біраз қиындықтар тудырады. Бастауыш топтағы студенттер тек қазақ тілін біраз меңгеріп, үйренгеннен кейін ғана аспектілік пәндер қосылады. Әр аспектінің оқытылу мақсаты әртүрлі. Оларға қысқаша тоқталып өтсек;

Әлеуметтік кеңістікте тілге бейімдеу аспектісінің мақсаты – тіл үйренушілерді әртүрлі әлеуметтік тақырыптарға байланысты сөйлеуге үйрету, оқыту және меңгерту болса,

Іскерлік қазақ тілі аспектісінің мақсаты – қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіру, қоғамымыздың экономика және бизнес саласында әскерлік тілдің қолданысқа кеңінен енуіне байланысты тәл үйренушінің лексикалық қорын кеңейтіп, дамыту.

Бұқаралық ақпарат құралдары тілі аспектісінің мақсаты – еліміздегі ақпарат құралдарының тілдік табиғатын шет елдік студенттерге таныстыру, БАҚ материалдары арқылы студенттердің дыбыстау, оқу дағдыларын

жетілдіру, сондай-ақ, әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени салаларға қатысты лексикасын қалыптастыру, тілді жоғары деңгейде меңгертуге ықпал ету.

Қазақстан тарихы аспектісінің мақсаты – қазақстанның тарихымен, мәдениет ерекшелігімен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен таныстару, сөйлеуге шығару, ой-пікірін еркін жеткізуін қалыптастыру, басқа елдің тарихы мен мәдениетін оқуға қызығушылығын ояту. Сонымен қатар сол арқылы өз елінің тарихы мен мәдениетін баяндауға үйрету.

Қазақ әдебиеті пәнінің мақсаты – шетелдік студенттерге қазақ ауыз әдебиетімен, әдеби шығарманың түрлері мен жанр үлгілерін, қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларымен, олардың шығармашылығымен таныстыру; оқушы мен сөйлеушінің коммуникативтік компетенциясын арттыру. Тіл үйренуші мәтінді оқу барысында өзіне қажетті мәліметтерді жинақтай келе, сөйлеу барысында сол жинақтаған мәліметін қолдана білуге дағдылану қажет.

Әдебиет туралы қысқаша тоқталатын болсақ, әдебиет те өз басынан түрлі даму кезеңдерін өткерген ұлттық мәдениетіміздің бір саласы. Әдебиет – үздіксіз даму үстінде болатын, тек көлемі жағынан ғана емес, көркемдік тұрғыдан да үнемі жаңарып отыратын өнер түрі. Оның өркендеп өсуіне, қанат жаюына барша талант иесінің, барлық жанрда ат салысатыны белгілі. Әдебиет – сөз өнері. «Көз жетпеген жерге сөз жетеді» - дейді дана халқымыз. Қай заманда да біздің ата-бабаларымыз шешендік өнерге ерекше мән берген. Сондықтан да болар қазақ халқының ауыз әдебиеті де өте бай.

Әдебиет сабағы, негізінен, көркем шығарманы оқу мен талдауға арналады. Көркем мәтінді талдау оны оқусыз жүзеге аспайды. Оқу мен талдау – өзара тығыз бірліктегі мәселе. Оқу әр оқырманның өз еңбегіне, оны түсіне білуіне, әр адамның қабілеті, дарыны, ой-өрісіне байланысты жүреді. Студент оқыған шығармасын қалай қабылдады, қандай пікірде болды, қандай ләззат алды, соны айтқызу, өзгелер пікірімен салыстыра білу, қорытындылау – сабақтың жеткен межесі болып табылады. Жалпы әдебиетті шетелдік студенттерге оқыту әдісінің жемісі – оқырманның көркем туындыны оқуға деген ынтасын, қызығуын тәрбиелеумен байланысты. Ол үшін әр студенттің көркем шығарманы міндетті түрде оқуын қадағалай, отырып, соған жағдай туғызып, шығармадан алған әсерін пікірлесу, әңгімелесу барысында, белгілі оқырмандық көзқарасын қалыптастыру керек. Сол арқылы ұлттық әдебиетіміз туралы жақсы мәліметтер алған шетелдік студент халқымыздың әлемдік өркениетке деген қатынасынан хабардар болып қана қоймай, оның ұлт ретіндегі біздің жеткен жетістіктерімізге, шыққан биіктерімізге деген құрметін оятады.

Шетелдік студенттерге тілді меңгерту мақсатында аталған факультетте әр пәнге арналған оқу бағдарламалары мен оқу құралдары, тест жинақтары дайындалып жарық көрген. Соның негізінде шетелдік студенттерге арнап факультеттің білікті доценттері Г.Ә. Мұсаева мен М.П. Ешимов «Қазақ әдебиетімен танысайық!» атты оқу құралын 2007 жылы жазып шыққан. Қазіргі таңда осы оқу құралы арқылы студенттерге дәріс жүргізілуде. Жаңа

оқу жылында жалғастырушы топтарға арнап доцент М.П. Ешимов «Қазақ әдебиеті мен мәдениеті» атты оқу құралын жазып, сынақтан өткізіп қазірге кезде баспада.

«Қазақ әдебиетімен танысайық!» оқу құралында – мәтін (баяндау сипатындағы мәтіндер, поэзия, прозалық шығармалардан үзінді, танымдық сипаттағы мәтіндер) және берілген мәтіндермен жұмыс істеу үшін жасалған жаттығулар жүйесі берілген.

Әр мәтін мәтін алды, мәтін бойынша, мәтіннен кейінгі жаттығулар жинағымен жасақталған.

Мәтін алды жаттығулар оқушылардың хабар жинақтау дағдысын қалыптастыруға үйретеді. Мысалы – сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіне алу, тілдік бірліктердің контекстуалдық мағынасын анықтау, грамматикалық формаларды ажырату, сөйлем конструкцияларын ұғыну, тіл байлығын арттыру, т.б. Мәтін алды жаттығулар тіл үйренушілердің өз бетімен қазақ тілі бойынша синонимдік, түсіндірме сөздіктерін жасауларына жағдай жасайды.



Мәтін бойынша берілген жаттығулар мағыналық болжау сипатында болып, мәтіннің мағыналық жағын түсінуге көмектеседі. Мәтінді оқу барысында жинақтаған мәліметтерді әр түрлі айтылымдарда қолдана білуге үйретеді.

Мәтіннен кейінгі тапсырмалар біріншіден, мәтінді толық түсінуді, екіншіден, мәтін материалын монологтық айтылымдарда, тақырып бойынша көтерілген мәселелер төңірегінде әңгімелесуде толық жаңғыртуды бақылайды. Бұл оқу құралын қазақ тілін үйренуші шетел азаматтарымен бірге, қазақ тілін үйреніп жатқан барлық саладағы оқырмандарға ұсынуға болады.

Аталған қазақ әдебиеті пәнін студенттерге түрлі материалдар арқылы инновациялық әдіс-тәсілдермен, слайд түрінде, көрнекілі құралдар, бейнетаспа мен деректі фильмдер, аудио және видео жазбалар (DVD, CD дисктер), сызба-кестелермен тағы да басқа заманауи техникалық құралдар арқылы түсіндіруге болады. Соның негізінде мен өз сабағымды түсіндіргенде әр сабақ сайын өтілетін тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, бейне жазбалар, слайд дайындаймын. Осы айтылған әдістерді пайдалану арқылы студенттердің сөздік қорлары толығып отырады. Мысалы, «Халық ауыз әдебиеті», «Ауыз әдебиетінің түрлерімен танысайық!» деген тақырып болса ең алдымен жаттығулар бойынша тапсырмалар орындалып, содан кейін слайд көрсетіледі.

№1 слайд

№2 слайд



Сол сияқты талантты ғалым, публицист, әдебиет зерттеушісі, саяхатшы-географ, таланты суретші XIX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі Шоқан (Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы Уәлихановты оқығанда да ол туралы да тақырыпқа үстеме ретінде бірнеше слайд жасалынып, көрсетіледі.

№4 слайд



№5 слайд



№6 слайд




Ал, ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы Құнанбаев жайлы көптеген слайд көрсетуге болады.

№7 слайд



№8 слайд



№9 слайд




№10 слайд



№11 слайд



№12 слайд



№13 слайд



№14 слайд



№15 слайд



Қорыта келе айтарымыз, қазақ әдебиеті пәнін оқытудың қатып қалған әдістемесі жоқ. Әр сабақ өзіне тән әдістемелік деңгейде жүргізілетіні бәрімізге белгілі. Мысалы, белгілі-бір тақырып бойынша бір шығарманы қарастыруға болады. Сол мәтін шеңберінде арнайы жаңа сөздерді түсіндіріп, бірнеше жаттығулар жасап, студенттерге екеуара диалог құрастыртып, мазмұнда, шағын шығарма жаздыру сияқты әртүрлі тапсырма беріп, орындатуға болады.